

Солтүстік Қазақстан облысының жеке санаттағы азаматтарына қосымша медициналық мақсаттағы бұйымды беру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы N 42/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 сәуірдегі N 3711 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 7 қазандағы № 48/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 07.10.2020 № 48/13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысында тұратын, онкологиялық аурулармен ауыратын азаматтарға тегін және жеңілдік шарттарымен амбулаториялық емделу кезінде медициналық мақсаттағы бұйым - қорғаныш пастасымен құрғатылған бір құрамдық уроқабылдағыш қосымша берілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаттың
XXXXII сессиясының төрағасы*

В.Мантариди

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаттың
хатшысы*

Қ. Едіресов